

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 наурыз N 323

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың Мақсатты бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 Р961173\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 39, 367-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың бірінші абзацындағы және 3-тармақтың екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Білім министрлігі", "Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне" деген сөздер "Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен басып шығару шығыстарын қаржыландыру жыл сайын республика бюджетінде осы мақсатқа көзделетін қаржының есебінен жүзеге асырылсын." ;

3) 4-тармақтағы "Алматы қаласының" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) аталған қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының жалпы білім

беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен басып шығарудың Мақсатты бағдарламасында":

"Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жасау және оларды білім беру жүйесіне енгізу" бөлімінде:

"Ізденіс-жасампаздық жұмыстар" және "Эксперименттік сынақ жұмыстары" деген ішкі бөлімдердің атаулары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 2-жолда 3 және 4-бағандардағы "1996" және "1998" деген сандар "1999" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолда:

3-бағандағы "1996" және "1997" деген сандар "1999" деген сандармен ауыстырылсын;

4-бағанындағы "1997" және "1998" деген сандар "1999" деген сандармен

ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолда:

2-бағандағы "сынақ-байқау" деген сөз алынып тасталсын;

3 бағандағы "1997" және "1999" деген сандар "1999" және "2000" деген сандармен ауыстырылсын;

4-бағандағы "1997", "1999" және "2000" деген сандар "1999", "2000" және "2001" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолда:

3-бағандағы "1997" деген сандар "1999" деген сандармен ауыстырылсын;

4-бағандағы "1998", "1999" және "2000" деген сандар "1999", "2000" және "2001" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолда:

2-бағандағы "сынақ-байқау" деген сөз алынып тасталсын;

2-бағандағы "орыс және ұйғыр" деген сөздерден кейін "өзбек" деген сөзбен толықтырылсын;

3-бағандағы "1997" және "1999" деген сандар "1999" және "2000" деген сандармен ауыстырылсын;

4-бағандағы "1997", "1999" және "2000" деген сандар "1999", "2000" және "2001" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 7,8,9,10,11-жолдар алынып тасталсын;

"Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару және тарату" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1-жолда 4-бағандағы "1997" деген сандар "2000" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3-жолда 2-бағандағы "Тұрақты" деген сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 5-жолда:

2-бағандағы "тұрақты" деген сөз алынып тасталсын;

3-бағандағы "1999" және "2000" деген сандар "2000" және "2001" деген сандармен ауыстырылсын;

4-бағандағы "2000" және "2001" деген сандар "2001" және "2002" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 реттік нөмірмен толықтырылсын:

"5-1 Білім беру жүйесіне оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді мынадай сатылар бойынша енгізу:

бастапқы	1998 жыл	1999 жыл
негізгі	1999 жыл	2000 жыл

жоғары 2000 жыл 2001 жыл";  
реттік нөмірі 6-жол алынып тасталсын;  
реттік нөмірі 7-жолда:  
2-бағандағы "тұрақты" деген сөз алынып тасталсын;  
3-бағандағы "1999" және "2000" деген сандар "2000" және "2001" деген сандармен ауыстырылсын;  
4-бағандағы "2000" және "2001" деген сандар "2001" және "2002" деген сандармен ауыстырылсын.  
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.